

3-сынып. Пәні: Қазақ тілі	Мұғалімі: А.Ж.Досжанова Ақсай қаласы №3 ОББМ	
Сабақтың тақырыбы	Кемпірқосақ	
Мақсаты	Табиғаттың бір ғажайыбы кемпірқосақтың қалай пайда болатындығы жайлы түсінік қалыптастыру.	
Күтілетін нәтиже	Өз беттерімен тақырыпты меңгереді. Мәтін бойынша алған білімдерін өмірде қолдана алады. Жаңа лексикалық сөздерді қатыстырып, тақырып бойынша сөйлемдер құрай алады.	
Керекті жабдықтар	Презентация, оқулық, әдістемелік әдебиеттер, жұмыс дәптері, бақылау күнделігі, АКТ мүмкіндіктері. Флипчарт.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе 2мин	Оқушылармен амандасу. Ынтымақтастық атмосферасын орнату. Топқа бөлу (көкшіл, қызғылт сары, сия көк) Топтың ережесі: 1. Жұмысқа белсенді қатысу. 2. Бір-бірімізді бөлмей тыңдау. 3. Бір-бірімен кеңесе отырып жұмыстану. 4. Сөйлеушінің (айтушының) пікірін құрметтеу.	Қызыл, жасыл қарасын. Қолға кезек аласың Қарандашпен әр түрлі Алуан сурет саласың. Оқушылар топқа бөлінеді.
Тұсаукесер 7мин	Үйге берілген тапсырманы тексеру. «Табиғатты қорғау – біздің міндетіміз» тақырыбында өз ойларын жазып келу. -Интерактивті тақтадан видеоролик қарау арқылы бүгінгі сабағымыздың тақырып тауып көрейік , балалар.	Оқушылар үй тапсырмасын оқиды. Бағалау жүргізіледі. Үздік тапсырма анықталады. Видеороликті тамашалай отырып, балалар бүгінгі күннің тақырыбын табуға тырысады.
Негізгі бөлім 3 мин 10мин	Инсерт әдісі Білемін/білгім келеді/ жаңалық Топтарға мәтін таратылады. - Балалар, мәтінмен танысып, топта аударып көріңдер. Содан кейін мәтін бойынша менің қойған сұрақтарыма «иә», «жоқ» деп жауап бересіңдер.	Оқушылар кемпірқосақ тақырыбы бойынша инсерт кестесін толтырып бастайды. Оқушылар мәтінмен жұптасып танысып шығады. Содан соң топ болып аударды. Төмендегі н дыбысы кездесетін буындар мен сөздерді дұрыс айтқанға дейін оқы. Өзіңе таныс әуенге салып айтуға болады.

<p>4мин</p>	<p>Сергіту сәті жасалады.</p>	<p>аң – даң – жаң – заң – ұң – қаң – лаң – маң – оң – паң – раң – саң – таң – шаң – ең – бең – жең – зең – кең – лең – мең – пең – рең – сең – тең – шең – мың – тың (крокодил Гена әуеніне салып орындайды) Оқушылар тапсырмалардан соң біраз сергіп қалады.</p> <p>Тақырып бойынша бір-бірлерімен сұхбат жүргізу.</p>
<p>4мин</p>	<p>2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып, қою.</p> <p>Бірге ойлаймыз әдісі Мен сұрақтар дайындаймын. Содан кейін «Бірге ойлаймыз» деп айтамын. 1-4 аралығындағы санды айтқанда сол нөмірлі бала сұраққа жауап береді.</p>	<p>Оқушылар бірлесе, бас түйістіре отырып, мұғалімнің қойылған сұрағына жауап табады. 1-4 ке дейінгі нөмірдің қайсысы аталса, сол санды бала сұраққа топ атынан жауап береді.</p>
<p>5мин</p>	<p>Бәсекелестік тудыру мақсатында ұпай беремін. Сұрақтарды қиындата беремін. Барлығы 5 сұрақ.</p>	
<p>Қорытынды 10мин</p>	<p>Кемпірқосақ деген сөзден көптеген басқа сөздер ойлап табу. Маршруттық картамен жұмыс жүргізу. Үй тапсырмасы: Қазақша уикипедиядан кемпірқосақ жайлы қосымша ақпарат әкелу.</p>	<p>Топ болып жауап береді. Кемпір, қос, ақ, ем, ер, сақ, соқ, кір, пір, оқ, ас, іс, ес, қор, қас, кем.</p>